

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 желтоқсандағы N 1441 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 11 қыркүйектегі N 794 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 қазандағы № 870 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.10.2015 № 870 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасында аңшылық шаруашылығын жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 желтоқсандағы N 1441 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 50, 665-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында аңшылық шаруашылығын жүргізу ережесінде:

6-тармақтың кестесінде:

"I санат" деген жолда:

2-бағандағы»"кемінде 1500 га сулы-батпақты алқаптар" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

3-бағандағы»"белгіленбейді" деген сөз алынып тасталсын;

4-бағандағы»"3000" деген сандар»"5000" деген сандармен ауыстырылсын;

"II санат" деген жолда:

3-бағандағы»"5" деген сан»"3" деген санмен ауыстырылсын;

4-бағандағы»"3000-5000" деген сандар»"5000-10000" деген сандармен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"III санат" деген жолдың 4-бағанындағы»"5000-10000" деген сандар "10000-20000" деген сандармен ауыстырылсын;

"IV санат" деген жолдың 4-бағанындағы»"10000-15000" деген сандар "20000-30000" деген сандармен ауыстырылсын;

"V санат" деген жолдың 2-бағанындағы»"5000" деген сандар "10000" деген с а н д а р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

7-тармақтың 11) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"аң аулайтын алқаптарды бағалауды (бонитет) және аң аулау объектілері болып табылатын жануарлардың негізгі түрлері бойынша бонитеттік бағалауды

және олардың құндылығын арттыру жолдарын;"

19-тармақтың 1) тармақшасында»"қорықшылық айналымдарының" деген сөздер "қорықшылық учаскелерінің (айналымдарының)" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген Ережеге 1-қосымшада: мемлекеттік тілдегі мәтінінде 4-тармақтың 11) тармақшасы сол күйінде қалдырылсын;

көрсетілген Ережеге 2-қосымшада: 7-тармақта»"қорықшы айналымдарының" деген сөздер»"қорықшы учаскелерінің (айналымдарының)" деген сөздермен ауыстырылсын;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: "10. Аң аулау объектілері болып табылатын жануарлардың негізгі түрлері бойынша бонитеттік бағалау шаруашылық ісін ұйымдастыру материалдарында келтіріледі.";

25-тармақтағы»"қорықшы айналымдарының, жануарлар дүниесі объектілерін молықтыру үшін бағытталған учаскелердің" деген сөздер "жануарлар дүниесі объектілерін молықтыруға арналған қорықшы учаскелерінің (айналымдарының)" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*